

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

## Б А С П А С Ө З М Ә Л І М Д Е М Е С І

Алматы қ.

07 маусым 2017 жыл

### **KASE 2017 жылдың мамыр айындағы биржалық нарық жұмысының қорытындыларын ұсынады**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ 2017 жылдың мамыр айындағы биржалық нарық жұмысының негізгі қорытындылары туралы мәлімдейді.

Мамырдың қорытындылары бойынша KASE сауда-саттықтарының жалпы көлемі 16 703,6 млрд теңгеге жетіп, алдыңғы айдан 16 % немесе 2 308 млрд теңгеге артты. Негізгі өсімді ақша нарығы (+2 087,1 млрд теңге), оған KASE репо операциялары мен валюталық своптарды жатқызады, валюталық нарық (+197 млрд теңге) және бағалы қағаздар нарығы (+23,9 млрд теңге) қамтамасыз етті.

#### **БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ**

Бағалы қағаздар сауда-саттықтарының жалпы көлемі 144,3 млрд теңгеге жетіп, алдыңғы айдан 20 %-ға немесе 23,9 млрд теңге артты.

#### Акции

Айдың соңында Биржаның сауда-саттық тізімдерінде 104 эмитенттің 122 атаудағы акциялары болған, соның ішінде листингілік емес сауда-саттық алаңында – төрт эмитенттің төрт атаудағы акциялары тұрды. Ай барысында екі эмитент "КазАзот" АҚ және "Standard Life" Өмір сақтандыру жөніндегі компания" АҚ акциялары листингтен өтті.

KASE Индексі төрт ай бойы қатарынан қапталдағы трендте жылжып, оның мәні мамыр айында 1,1% нығайып, 1 562 нүктені құрады. Индекстің өсімінің көшбасшысы "КазТрансОйл" АҚ акциялары болды, олардың құны 7,4 %-ға 1 444 теңгеге дейін өсті. Құлаудың көшбасшысы "Банк ЦентрКредит" АҚ акциялары болды, олар 6 %-ға арзандап, 157 теңгеге дейін арзандады.

Бағалардың өзгеруі ықпалымен KASE акциялар нарығының капитализациясы мамыр айында 0,1 %-ға немесе 14,1 млрд теңгеге төмендеп, 14,6 трлн теңгені құрады.

Акциялардың сауда-саттық көлемі алдыңғы аймен салыстырғанда 48 %-ға немесе 8,7 млрд азайып, 9,5 млрд теңгені құрады. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 477,2 млн теңгеге жетіп, алдыңғы аймен салыстырғанда 48 % азайды.

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ең белсенді жеке тұлғалар болды, олардың шоттарының акциялар айналысындағы үлесі 60,3 % құрады. Брокерлер-дилерлердің үлесі 25,3 % құрады, екінші деңгейдегі банктердің (ЕДБ) шоттарының үлесі 8%, басқа институционалдық инвесторлардың шоттары – 0,1 %, өзге заңды тұлғалардың шоттарының үлесі 6,3 % жетті. Резидент еместердің үлесі – 5,8% құрады.

Мамыр айының соңында "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" АҚ жеке тұлғаларға ашылған 107 338 жеке шоттар болды, бұл алдыңғы айдағы осы көрсеткіштен 287 шотқа артық.

#### Корпоративтік облигациялар

Мамырдың соңында KASE сауда-саттық тізімдерінде 66 эмитент шығарған 263 атаудағы облигациялар болды. Есептік айда "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ облигацияларының екі шығарылымы және "Хоум Кредит энд Финанс Банк" АҚ Еншілес Банкінің облигациялары енгізілді.

Корпоративтік борыштың көлемі, көбіне "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ және "Интергаз Центральная Азия" АҚ халықаралық облигациялар өтелуі есебінен, 249,8 млрд теңгеге төмендеп 7,4 трлн теңгені құрады.

Корпоративтік облигациялардың кірістілік индексі KASE\_BY мамыр айында 39 базистік нүктеге өсіп, жылдық 10,67 % құрады. Осы деңгейге индекс жыл бойы бірте-бірте келе жатты. KASE\_BY мәні мен индекстелмеген үш жылдық MEKAM дағдарыссыз кірістілік мөлшерлеменің мәні арасындағы спрэд (KASE\_BY өкілетті тізіміне енгізілген, облигациялардың орташа сараланған дюрациясы 1 184 күнді құрайды) +88 бастап айдың соңында +147 базистік нүктеге дейін жетті.

Корпоративтік облигациялар сауда-саттықтарының көлемі есептік айда 33,2 млрд теңге деңгейінде қалыптасып, алдыңғы аймен салыстырғанда 3,3 есеге немесе 23,2 млрд теңгеге өсті. Сауда-саттықтардың орташа күндік көлемі 1 659,6 млн теңгені құрап, 3 есеге өсті.

Облигациялар сауда-саттықтарының осыншама елеулі өсімі бастапқы нарықта белсенділік есебінен болды. Орналастырулар көлемі мамыр айында 31 млрд теңгені құрады. Ай барысында корпоративтік облигациялардың үш шығарылымы орналастырылды:

- "Компания Фазтон" ЖШС, жеті жылдық облигацияларын өтеуге кірістілігі жылдық 13,50%-бен орналастырып, бір миллиард теңге тартты;
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ, бес жылдық облигацияларын өтеуге кірістілігі жылдық 10,50%-бен орналастырып, 20,0 млрд теңге тартты. Орналастыруға сегіз Биржа мүшесі қатысып, сұраным ұсынымнан 1,3 есеге артты.
- "Хоум Кредит энд Финанс Банк" АҚ 30 мамырда Биржада, үш жылдық облигацияларын өтеуге кірістілігі жылдық 15,0%-бен орналастырып, 10,0 млрд теңге тартты. Сауда-саттыққа жеті қатысушы қатысып, сұраным ұсынымнан 1,2 есеге артты.

Қайталама нарықтағы сауда-саттықтың көлемі 22 млрд теңгені құрады, бұл алдыңғы айдағы нәтижеден 47 % немесе 2 млрд теңгеге кем.

Корпоративтік облигациялар нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша брокерлер-дилерлердің үлесі – 17,4 %, ЕДБ – 0,2 %, өзге институционалдық инвесторлар – 24,5%, өзге заңды тұлғалар – 40,4 %, жеке тұлғалардың үлесі 17,6 % құрады. Резидент еместердің еншісінде – 3,2 %.

#### Мемлекеттік бағалы қағаздар (МБҚ)

Биржадағы МБҚ сауда-саттықтарының жиынтық көлемі мамыр айында 86,6 млрд теңгеге жетті, бұл алдыңғы айдың нәтижесінен 5,7% немесе 5,2 млрд теңгеге кем.

Бастапқы нарықтағы сауда-саттықтардың көлемі 12,7 % өсіп, 78,7 млрд теңге деңгейіне жетті. Олардың 76,9 млрд теңгесі – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің екі-, үш-, төрт жылдық MEKAM жылдық 9,1–9,5 %-бен орналастырулары арқылы тартқан қаржысы. Қалған 1,8 млрд теңгені үш облыстың (Ақмола, Шығыс- және Батыс-Қазақстан облыстарының) әкімдіктерінің тұрғын үй құрылысын қаржыландыру бойынша мемлекеттік бағдарлама шегінде тартқан қаржысы.

МБҚ бастапқы нарығындағы сатып алушылардың құрылымында 31,7% ЕДБ еншісінде, брокерлер-дилерлер бір пайыдан кемін сатып алды (0,6 %), өзге институционалдық инвесторлардың еншісінде 32,4 %, ал қалған 35,2 % – өзге заңды тұлғалардың үлесі.

МБҚ қайталама нарығының көлемі 64,3 % немесе 14,1 млрд теңгеге өсіп, 73,8 млрд теңгеге жетті. Сауда-саттықтардың орташа күндік көлемі үш есеге азайып 392 млн теңгені құрады.

Өткен айдағыдай қайталама нарықтың сауда-саттық айналысының 90 % астамы Ұлттық Банктің ноталарының үлесінде болды.

МБҚ қайталама нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттарының құрылымы бойынша брутто-айналымның 42,3 % ЕДБ еншісінде, 11,9 % – брокерлер-дилерлер, 44,3 % – өзге институционалдық инвесторлар және 0,6 % өзге заңды тұлғалар болды. Резидент еместердің үлесі 1 % құрады.

### Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары

Былыр белсендірілген осы секторда әлі төрт атаудағы бағалы қағаздар саудаланады. Сауда-саттықтардың жиынтық көлемі мамыр айында 7,8 млн теңгені құрады, бұл алдыңғы айдан едәуір төмен (30 есеге жуық).

Бұл жерде көзге түсетіні ең көп белсенділікті жеке тұлғалар танытты, олардың еншісінде 43 %, брокерлер-дилерлер сондай-ақ 43 %, ал 14,3 % – өзге заңды тұлғалар.

### Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары

Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары сегментінде Еуразиялық даму банкінің облигацияларын орналастыру болып өтті, ол Биржада 24 мамырда 15,0 млрд теңге тартты, өтеуге кірістілігі жылдық 10,1 % құрады. Сауда-саттыққа Биржаның алты мүшесі қатысты, сұраным ұсынымнан 2,2 есеге артты.

## **ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ**

Мамыр айында шетел валюталарымен жұмыс жасауға 33 KASE мүшелері құқылы болды.

Спот-нарықтағы сауда-саттық көлемі осы секторда 1 049,3 млрд теңге баламасы деңгейінде қалыптасты, бұл өткен айдың нәтижесінен 23 % немесе 197 млрд теңгеге артық.

Төменде берілген кестеде Биржада саудаланатын валюталық жұптардың негізгі сипаттамалары берілген (жақшаның ішінде алдыңғы айға қатысты өзгеруі көрсетілген, бағамның өзгеруі шетел валютасының теңгеге орташа сараланған биржалық бағамының номиналды өзгеруін көрсетеді).

Жұп	Көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәмілелер саны	Банктер саны	Мин. және макс. бағамдар, валюта бірлігіне теңге	Бағамның өзгеруі
USD/KZT	3 324,8 (+22,7 %)	99,3 % (0)	6 186 (+509)	33 (0)	310,00–318,55	312,26 (-0,7 %)
RUB/KZT	957,5 (+33 %)	0,5 % (0)	163 (+19)	16 (+2)	5,4180–5,5470	5,5134 (-0,1 %)
EUR/KZT	3,6 (-36 %)	0,1 % (-0,1 п.п.)	21 (-5)	5 (-1)	343,50–349,70	349,20 (+2,0 %)
CNY/KZT	7,8 (-25 %)	0,3 % (+0,2 п.п.)	68 (-26)	6 (+1)	45,1500–46,095	45,9600 (+0,7 %)

## **АҚША НАРЫҒЫ (РЕПО ЖӘНЕ ВАЛЮТАЛЫҚ СВОП)**

Ақша нарығының бағалық көрсеткіштері мамыр айында өзгерген жоқ десе болады. KazPrime-3M (KZT) жылдық 12 % деңгейінде қалды. MM\_Index мәні 11 базистік нүктеге түсіп, жылдық 10,01 % құрады. TONIA 13 базистік нүктеге төмендеп, мамыр айының соңында осы индикатордың мәні жылдық 10,01 % құрады, TWINA 18 базистік нүктеге түсіп, жылдық 10,13 % құрады. Долларлық своптың кірістілігі өзгеріссіз, жылдық 9,5 % деңгейінде қалды.

Ақша нарығындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі 15 510 млрд теңге жетіп, алдыңғы айдағы нәтижеден 15,5 % немесе 2 087,1 млрд теңге артты. Валюталық своп сегменті ең үлкен өсім көрсетті, 17,8 % немесе 1 372,8 млрд теңге артық. Repo операциясының сегментіндегі көлемнің өсімі 12,5 % немесе 714,3 млрд теңге болды.

### Repo операциялары

KASE ақша нарығының осы сегментіндегі сауда-саттықтың көлемі 6 444,7 млрд теңге деңгейіне жетіп сәуір айындағы осы көрсеткіштен 12,5 % немесе 714,3 млрд теңге артты. Осы көлемнің 86,2 % МБҚ-мен авторепо үлесінде, 13,4 % – ББҚ-мен авторепо үлесінде, қалғаны – ББҚ-мен тікелей репо үлесінде болды. Құрылымда ББҚ-мен тікелей репо операцияларының екі есеге артуы және ББҚ-мен авторепоның шамалы өсуі байқалады, бірақ жалпы алғанда құрылымның өзгеруі елеулі емес.

Repo операцияларының орташа күндік көлемі 322,2 млрд теңгені құрады, бұл өткен айдың нәтижесінен 12,5 % немесе 35,7 млрд теңгеге артық.

Биржадағы репо операцияларын 45 KASE мүшелері өткізді. Бұл ретте МБҚ авторепо секторында айналымның 99 % ЕДБ еншісінде, ББҚ-мен авторепо секторында 90,2 % брокерлер шоттарының, ал 9,8 % – олардың клиенттерінің еншісінде.

#### Валюталық своп операциялары

Мамыр айында осы тұрпаттағы операциялар бір күндік және екі күндік АҚШ долларының теңгеге своптарымен сипатталды, мұнда біріншілердің үлесінде айналымның 12,79 % болса, екіншілердің үлесінде – 87,21 %. Сәуір айының тиісті көрсеткіштері – 0,99 және 99,01 %.

Валюталық своп операциялары бойынша сауда-саттық көлемі мамыр айында 9 065,3 млрд теңгеге жетіп, алдыңғы аймен салыстырғанда 17,8 % немесе 1 372,8 млрд теңгеге артты.

Операциялардың орташа күндік көлемі 453,3 млрд теңгені құрады, бұл алдыңғы айдың нәтижесінен 17,9 % немесе 68,7 млрд теңгеге артық.

Биржадағы валюталық своп операцияларын 20 Биржа мүшелері өткізді.

#### **Анықтама үшін**

**"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE)** Орталық-Азия өңіріндегі жетекші және өз қызметін Қазақстанның қаржылық нарығында жүзеге асыратын жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығының құралдары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздардың, халықаралық қаржы институттарының облигацияларының, сондай-ақ туынды қаржы құралдарының әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалардың федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады. 2015 жылы KASE БҰҰ "Қор биржалар тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды. KASE ТМД биржалары арасында бағалы қағаздар сауда-саттығының көлемі бойынша екінші орынға иеленіп, FEAS биржаларының акциялар нарығының капитализациясы бойынша топ-5 кіреді.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz)